



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 ж. 10 қараша №364
Павлодар қаласы

город Павлодар

**5-6 сынып оқушыларына арналған
V облыстық кешенді олимпиаданы
өткізу туралы**

Білім беру басқармасының 2016 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес, дарынды балалармен жұмыс жасау арқылы білім беру сапасын жетілдіру, оқушылардың зияткерлік дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстық дарынды балаларға арналған көп салалы лицей-интернаты негізінде 2016 жылғы 24 қарашада 5-6 сынып оқушыларына арналған V облыстық кешенді олимпиадасы өткізілсін.

2. V облыстық кешенді олимпиадасын өткізу ережесі және қазылар алқасының құрамы (1, 2 қосымшалар) бекітілсін.

3. «Ертіс дарыны» ӨҚББОӘО (Ғ. Тұрсынов) кешенді олимпиаданы өткізу және ұйымдастыру құжаттарын дайындап, тапсырмалардың құпияда сақталуын қамтамасыз етсін.

4. 5-6 сынып оқушыларына арналған V облыстық кешенді олимпиадасының салтанатты жабылуының ұйымдастырылуы «Ертіс дарыны» ӨҚББОӘО (Ғ. Тұрсынов) және облыстық дарынды балаларға арналған көп салалы лицей-интернатына (А. Рахымжанова) жүктелсін.

5. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) және дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп директорлары: V облыстық кешенді олимпиада қатысушыларының уақытымен келіп-кетуін қамтамасыз етуі, жол жүру барысында балалардың өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін топ жетекшілеріне жүктелуін қарастырсын. Келу және кету күні: 2016 жылғы 24 қараша.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Ж.П. Қарамбаевқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексеитова

Таныстырылды

М. Қарамбаев
Қарамбаев Мамат Темірбай
(қолы, күні)

003530

5-6 сынып оқушыларына арналған облыстық кешенді олимпиаданы өткізу туралы ереже

1. Жалпы ереже

1.1. 5-6 сынып оқушыларына арналған облыстық кешенді олимпиаданы өткізу туралы Ережесі (одан әрі – Олимпиада) олимпиаданың мақсаты, міндеттерін, өткізу мерзімін, тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиаданың басты мақсаты дарынды балалармен жұмыс жасау арқылы білім беру сапасын жетілдіру, оқушылардың зияткерлік дамуына қолайлы жағдай жасау, зияткерлік сайыстарға қызығушылықтарын арттыру.

1.3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

– жалпы білім беру және зияткерлік білімді игеру, өздігінен білім алу дағдыларына бағытталған дарынды балаларға арналған бағдарламаларды іске асыруды жеделдету;

– шығармашылық қабілеті бар терең білімді дарынды балаларды анықтау және марапаттау;

– бала дарындылығын дамытудағы мұғалімдер тәжірибесін анықтау.

2. Олимпиада

2.1. Олимпиаданың жалпы басшылығын ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

2.2. Ұйымдастыру комитеті:

– Олимпиаданың әдістемелік комиссиясы және қазылар алқасының құрамы мен жұмыс тәртібін анықтайды;

– ұйымдастырушылық, ақпараттық және кеңес беру жұмысын қамтамасыз етеді;

– қазылар алқасы жұмыс қорытындылары бойынша Олимпиаданың нәтижелерін шығарады.

2.3. Әдістемелік комиссия:

– бағыт бойынша Олимпиада тапсырмаларының материалдарын дайындайды;

– бағыт бойынша Олимпиада тапсырмаларын орындау критерийлері мен бағалау әдістерін анықтайды.

2.4. Қазылар алқасы:

– Олимпиада жұмыстарының эксперттік бағасын жүргізеді;

– Олимпиада хаттамасына жауапты;

– Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

3. Олимпиада қатысушылары

3.1. Олимпиадаға қатысу үшін Павлодар облысы білім беру мекемелерінің 5-6 сынып оқушылары шақырылады.

4. Олимпиаданың тәртібі және өту шарттары

4.1. Олимпиада екі негізгі бағыт бойынша өтеді:

- математика сауаттылығы
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы

Математика және жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты тексеру үшін кешенді және құрылымдық тапсырмалар құрастырылады.

Әр тапсырма белгілі-бір мәселе баяндалған жеке мәтіннен құралып, мәтінге түрлі деңгейде күрделілігі бар 1-6 сұрақ беріледі. Тапсырмаларды орындау нәтижелері оқушылардың мәтіндегі мәселені белгілі пән шеңберінде қолдана отырып, анықтау, оның шешімін таба білу қабілеті бағаланады.

4.2. Олимпиада жазбаша түрде өтеді.

Олимпиаданың тапсырмаларын орындау үшін оқушы экология, туған өлкесінің экологиялық проблемалары туралы және жаратылыстану-ғылыми циклы пәндерін білу қажет.

5. Қорытындылау және марапаттау

5.1 Жеңімпаздар (1-орын) және жүлдегерлер (2 және 3 орын) олимпиаданың екі бағыт бойынша жинаған ұпай қорытындылары бойынша анықталады.

5.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Павлодар облысы білім беру басқармасының дипломдарымен марапатталады.

5.3. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификат беріледі.

5.4. Олимпиаданың қорытындылары «Ертіс дарыны» ӨҚББОӘО www.ertisdaryn.kz ресми сайтында жарияланады.

№ 364 от 10.11.2016г.

**О проведении V областной комплексной олимпиады
для учащихся 5-6 классов**

Согласно плану работы управления образования на 2016 год
ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Провести 24 ноября 2016 года на базе областного многопрофильного лицея-интерната для одаренных детей V областную комплексную олимпиаду для учащихся 5-6 классов.

2. Утвердить положение о проведении областной комплексной олимпиады для учащихся 5-6 классов, состав областного жюри (приложения 1,2).

3. Региональному учебно-методическому центру дополнительного образования «Ертіс дарыны» (Г.Турсунов) обеспечить условия для проведения V областной комплексной олимпиады для учащихся 5-6 классов.

4. Региональному учебно-методическому центру дополнительного образования «Ертіс дарыны» (Г.Турсунов), областному многопрофильному лицей-интернату для одаренных детей провести церемонию закрытия V областной комплексной олимпиады для учащихся 5-6 классов.

5. Руководителям районных (городских) отделов образования (по согласованию), директорам специализированных школ для одаренных детей обеспечить своевременное прибытие и убытие, безопасность в пути следования в г.Павлодар и обратно участников V областной комплексной олимпиады для учащихся 5-6 классов. Прибытие и убытие – 24 ноября 2016 года.

6. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя руководителя управления образования Карамбаева Ж.П.

Руководитель управления



Б.Бексеитова

Ознакомлен(а):

Ж. Карамбаев Жолмарт Тетрович
(дата, подпись)

**Положение
об областной комплексной олимпиаде
для учащихся 5-6 классов**

1. Общие положения

1.1. Положение об областной комплексной олимпиаде для учащихся 5-6 классов (далее – Олимпиада) определяет цели, задачи, сроки, порядок и условия проведения Олимпиады.

1.2. Олимпиада проводится с целью совершенствования качества образования через работу с одаренными детьми, стимулирования интеллектуального развития учащихся.

1.3. Основные задачи Олимпиады:

- активизация работы по реализации образовательных программ для одаренных детей, направленных на овладение общеучебными и интеллектуальными умениями самостоятельно приобретать знания, применять полученные знания в повседневной жизни;
- выявление и поощрение одаренных детей, обладающих глубокими знаниями и способных их творчески применять;
- выявление опыта работы учителей по развитию детской одаренности.

2. Руководство Олимпиадой

2.1. Общее руководство Олимпиадой осуществляет организационный комитет (далее – Оргкомитет).

2.2. Оргкомитет:

- определяет состав методических комиссий и жюри Олимпиады, порядок их работы;
- обеспечивает организационное, информационное и консультативное сопровождение;
- по итогам работы жюри подводит итоги Олимпиады.

2.3. Методические комиссии:

- разрабатывают материалы олимпиадных заданий по направлениям;
- определяют критерии и методики оценки выполнения олимпиадных заданий по направлениям.

2.4. Жюри:

- проводит экспертную оценку олимпиадных работ;
- ведёт протоколы Олимпиады;
- определяет победителей и призёров Олимпиады.

3. Участники Олимпиады

3.1. К участию в Олимпиаде приглашаются учащиеся 5-6 классов образовательных учреждений Павлодарской области.

4. Порядок и условия проведения Олимпиады

4.1. Олимпиада проводится по двум основным направлениям:

- математическая грамотность
- естественно-научная грамотность

Для проверки математической и естественно-научной грамотности разрабатываются комплексные или структурированные задания.

Каждое из заданий включает отдельный текст, в котором описывается некоторая проблема, и 1 – 6 вопросов к нему различной трудности.

По результатам выполнения заданий оценивается способность учащихся выявить проблему в тексте и решить ее, применив знания из той или иной предметной области.

4.2. Олимпиада проводится в письменной форме.

Для решения заданий Олимпиады участник должен обладать знаниями по экологии и экологическим проблемам своего края, а также по предметам естественно-научного цикла.

5. Подведение итогов и награждение

5.1 Победители (1 место) и призёры (2-е и 3-е место) определяются по сумме баллов, набранных в двух направлениях Олимпиады.

5.2. Победители и призёры награждаются дипломами управления образования Павлодарской области.

5.3. Всем участникам Олимпиады выдаётся сертификат участника Олимпиады.

5.4. Итоги Олимпиады будут опубликованы на официальных сайтах РНПЦ «Ертіс дарыны» www.ertisdaryn.kz, управления образования.